

калыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары. Астана, Әділет, 2012.
2. Қазақстан Республикасының Білім Заңы.
3. Махмутов М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории. –Москва: Педагогика, 1975. – 157 с.
4. «Оқу мен оқытудың белсенді әдістері». Астана, 2013ж.sabak.kz

Болтайханова Т. Ж.

**«Ортадересін жалпы білім беретін мектебі» КММ, Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылы
Медиева С.Х.**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Аннотация. Мақалада бастауыш сыныптарда оқыту барысында балалардың таным процестерін дамытуға, ой-әрекетін қалыптастыру қарастырылады. Оқыту процесінде бастауыш сынып оқушысының ой-әрекетін қалыптастырудағы мұғалімнің міндеті, оқыту процесіндегі ой-әрекетінің қалыптасу жолдарында танымдық белсенділіктің көріністері сондай-ақ, оқушының ақыл-ойын дамытуда, ойын технологиясының маңызы мен ойын барысында баланың өмір салты, айналадағы дүниені тану, еңбеккедеген көзқарасы, психологиялық ерекшеліктері қалыптасу жайғайы баяндалған.

Кілт сөздер: Бастауыш сынып, мектеп бағдарламасы, таным процестерді, практикалық іс-әрекеті, ой-әрекеті, мұғалімнің міндеті, білім беру, жан-жақты дамыту, грамматикалық, лексикалық-фонетикалық.

Бастауыш сыныптарда оқыту барысында балалардың таным процестерін дамытуға, олардың тіл байлығын және өз ойын сөйлеу арқылы басқаларға жеткізу тәсілдерін қолдаудың ойлау процесін қалыптастыруға қосатын үлесі өте үлкен.

Қазіргі бастауыш мектеп бағдарламасы барлық таным процестерді жедел дамыту жолдарын ескере отырып жасалған оқулықтар мазмұны ойлауды дамытуға үлкен үлесін қосады. Дегенмен осы проблеманы шешу үшін әр мұғалім ойлау қабілетінің ерекшеліктерін, оны дамыту жолдарын толық түсінугі қажет.

Жас бала үшін мәселені шешудің бірінші құралы – оның практикалық іс-әрекеті. Бала мәселені шешу үстінде өзіне берілген затпен тікелей іс-әрекет жасайды. Мұның мәнісі шешілуге тиісті нәрсенің көрнекті түрде берілуінде және практикалық іс-әрекетінің қатысуымен шешілуінде ойлаудың осы сатысындағы маңызды ерекшеліктерінің бірі – сөздік өрнектер арқылы ойлау болып табылады, тіпті жас баланың ойы ең «ақылды» деген маймылдың ойлауынан түбегейлі айырмашылығы да осы арада. Ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай дәлелдерінде. Ойлауға түскен құбылыс көз жетерліктей етіп нақты түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар ойлау жолымен ашылады. Ойлау – танымның жоғары сатысы. Оның айрықша ерекшелігі – сөзбен тығыз байланыстылығы. Ойлаумен сөйлеу органикалық бірлікте болады. Ой шындығы тіл арқылы беріледі. Шындықтағы себеп-салдарлық байланыстар тәжірибеде танылып, белгілі тілдік формалармен аталады. Адам дүние құбылыстарын тани отырып, бұларды бірінші және екінші сигналдық жүйелер арқылы бейнелеп, түрлі сөздермен өрнектейді. Әрбір қабылданатын зат, құбылыстың белгісі, қозғалысы, күйі не қатынасын сөзбен атай отырып, адам оларды жалпылайды. Ойлау арқылы заң, ереже түйінделеді, фактілер қорытылады, электронды күрделі механизмдерді пайдалана отырып, тікелей қабылдауға болмайтын құбылыстардың мән-жайын танып біледі. Ойлау шындық жанама жолмен танылады.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы нақтылы болғандықтан, олар көп нәрселерді өз қалпында түсінуге бой ұрады. Бастауыш сынып оқушыларының оқыту процесінде психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл, сөйлеу, таным, ойлау, өзін-өзі тәрбиелеу т.б. [1].

Мұғалімнің міндеті – оқыту процесінде бастауыш сынып оқушысының ой-әрекетін қалыптастыру. Осыған орай оқушы оқыту процесінде, әрбір сабақта өзінің оқу іс-әрекетінің мақсат-міндеттерін анықтап, соларды іске асырудың нақты тәсілдері мен амалдарын қолданып, өзін-өзі бақылап отыруға үйренуге тиіс. Оқыту процесіндегі ой-әрекетінің қалыптасу жолдарында танымдық белсенділіктің мынадай көріністері болатынын білу керек:

- білуге деген ықыластың, ұмтылыстың, шабыттың жоғары болуы;
- бастауыш сынып оқушысының өзіндік дербестігі, сұрақ беруге құмарлығы, пікірталас туғызуға деген ықыласы;
- бастауыш сынып оқушысының материалды еркіне, өз сөзімен айтып беру мүмкіндігі және шығармашылық әрекетінің жоғары болуы.

Егер де сабақтарда бастауыш сынып оқушысының бойында танымдық белсенділік пайда болған жағдайда оқушыларда ақыл-ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, зейінділік, байқағыштық, ойлау мен сөйлеу дербестігі т.б.

Бастауыш сынып оқушысының оқыту процесіндегі өздігінен жасайтын түрлі оқу жұмыстары ойлау әрекетінің тиімді амал-тәсілдерін қалыптастырады. Амалдарды қолдану арқылы оқушы материалдың мазмұнын еркін меңгеріп, материалды баяндау тәртібін өзінше өзгертіп айтып беруге шамасы келеді.

Міне, осындай жағдайда ғана балада білімге деген қажеттілік, талпыныс, қызығу, танымдық белсенділік қалыптасады. Оқыту процесі өзіне екі міндет қояды: біріншіден, балаларға білім беру, екіншіден, оларды жан-жақты дамыту. Ақыл-ой дамуы танымдық қабілеттердің дамуы мен адамның гармониялық дамуының құрамдас бөлігін құрайды. Оқыту процесіндегі іс-әрекет өзіне екі міндет қоя отырып, ойлау әрекетінің дамуын көрсететін белгілерді анықтау педагогикалық психологияның тағы бір маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Оқыту мен дамудың өзара қатынас мәселелері ақыл-ой дамуының белгілерін нақты анықтау негізінде тұжырымдалады. Ол белгілер бойынша, оқыту әдістері мен мазмұны дамуға қалай әсер етеді, оның негізінде дамудағы қозғалысты қалай көруге болады деген сұрақтарға жауап аламыз. Осы белгілерді көрсететін ойлау ерекшеліктері мәселелі тапсырмаларды шешуде жүзеге асатын ойлау операцияларынан көрінеді.

Тапсырманы шешуде ойлау іс-әрекетінің тәуелсіздігі ақыл-ой дамуының мәнді көрсеткішін береді. Бастауыш сынып оқушысының ойлау іс-әрекетінің дамуын зерттеу, оларда интеллектуалды іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін қалыптастыру – ең өзекті мәселелердің бірі.

Бастауыш сынып оқушысының ойлауын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие процесі шешуші роль атқарады. Бала ойлауын дамыту үшін мұғалім тиісті жұмыстар жүргізіп отыруы тиіс. Ой тәрбиесі адамның психологиясын жан-жақты етіп тәрбиелеумен ұштасып жатады. Таным әрекетінің бірі – қабылдау. Тілдік мәліметтерді және жазылымдағы қатысымдық тұлғаларды ұғыну қабылдаудан басталады. Тілді меңгеру барысында тіл үйренуші есту, көру, сезу арқылы дыбыстарды, сөздерді, сөйлемді қабылдауға үйренеді. Бала қоршаған ортаны жақсы қабылдауға тиіс[2].

Ойын – бала әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өміріндегі тәрбие мен білім берудің шешуші шарты болып табылады. Бала өзін қоршаған адамдар арасындағы қарым-қатынас ойын негізінде жүзеге асады. Ойын түрлерінің материалы сабақтың тақырыбы мен мазмұнына қаншалықты сәйкес таңдалса, оның танымдық, тәрбиелік мәні соғұрлым жоғары болады. Оны тиімді пайдалану оқудың тиімділігін, тартымдылығын арттырады, тиімді пайдалану оқудың әсерлілігін, тартымдылығын арттырады. оқушылардың сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын арттырады.

Ойын – баланың барлық қабілеттерін дамытуға, ойын барысында қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейтуге, сөйлеу тілін дамытуға, құрбыларымен жақындасуға ықпал ететін баланың барлық маңызды психикалық әрекеттері. А.С.Макаренконың ойынша ойын баланың физикалық және психологиялық ерекшеліктерін де өзгертеді. Ойын баланың сабаққа деген қызығушылығын оятады, зейінін аударады, сонымен қатар білімді қабылдап, толық меңгереді Ойынның түрлері көп. Сабақ ойындары, жаттықтыру ойындары, сергіту ойындары. Бұл ойындардың дидактикалық мақсаты бар – олар оқушылардың жан-жақты дамуына қызмет етеді. Танымдық ойындардың кез келген түрі мектеп

оқушыларына пайдалы, олар ойын арқылы өз күштері мен қабілеттерін сынай алады. Сабақта ойынды қолдану келесі негізгі шарттарға сәйкес келеді:

- ойын оқушыларға тапсырма ретінде қойылады;
- оқушылардың оқу әрекеті ойын ережесіне бағынады;
- оқу материалы ойын құралы ретінде пайдаланылады;
- ойын жұмыс элементі ретінде оқу процесінің бөлігі болып табылады;
- ойынның нәтижесі бірден жарияланады.

Міне, осындай дайындықпен сабақта ойын элементін қалай пайдалану керек қарастырылатын мәселелер:

- тәрбиелік мақсат;
- қолданбалы көрнекі әсерлер;
- уақытты үнемдеу;
- ойын қызықты болады ма?
- оқушылардың үлгерімін бақылау.

Ойын барысында орындалатын дидактикалық материалдар оқушыларға ыңғайлы, түсінікті болса ойын нәтижелі болады. Оқу мақсатына қарай ойындар лексикалық-фонетикалық, грамматикалық болып бөлінеді. Лексикалық-фонетикалық ойындардың мақсаты – оқушылардың дұрыс айтылуын бақылау. Бұл ойын түрін сабақтың басында қолдануға болады. Сабақ соңында ойды жүйелі жеткізуге үйрету үшін грамматикалық ойындар қолданылады[3].

Тәрбие процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас ерекше орын алады. Біздің міндетіміз жеке тұлғаны дамыту, білімге деген сенімін нығайту, оқуға деген қызығушылығын ояту, танымдық белсенділігін дамыту, ынтасын арттыру. Мотивацияның анықтамасы латынның *movere* сөзінен шыққан. Мотивация – бұл мақсатты іс-әрекетті бастау және қолдау процесі. Қызығушылық деп оқушының бір нәрсеге зейінін аударуға, белгілі бір заттар мен құбылыстарды білуге деген ұмтылысы түсініледі. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру олардың қабілетін дамытуға, танымдық күштерін оятуға, зерттеушілік қажеттіліктерін арттыруға ықпал ететін білім деңгейін арттырудың маңызы зор.

Оқыту процесі оқушылардың танымдық белсенділігіне негізделіп, танымдық әрекет негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенділіктің ең жоғары деңгейі – оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білуі. Танымдық белсенділік – оқушының оқуға деген құштарлығының ерекше түрі. Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыруда оларды білімдеңгейіне қарай топтарға бөліп, әрқайсысымен жеке жұмыс жүргізудің маңызы зор.

Ойын – бала әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өміріндегі тәрбие мен білім берудің шешуші шарты болып табылады. Бала өзін қоршаған адамдар арасындағы қарым-қатынас ойын негізінде жүзеге асады. Ойын түрлерінің материалы сабақтың тақырыбы мен мазмұнына қаншалықты сәйкес таңдалса, оның танымдық, тәрбиелік мәні соғұрлым жоғары болады. Оны тиімді пайдалану оқудың тиімділігін, тартымдылығын арттырады, тиімді пайдалану оқудың әсерлілігін, тартымдылығын арттырады. оқушылардың сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын арттырады.

Сондай-ақ, оқушының ақыл-ойын дамытуда, ойын технологиясының маңызы зор. Ойын өмірде өте ерте жастан басталып, адамның кәсіпті толық мегергенінше жалғасады. Ал оқыту процесінде жаңа технологияның маңызды бөлігі б.т. Адамның ойын әрекеттерінің формалары мен әдістері және мазмұны қарапайым сылдырмақтар мен қозғалыстар жасаудан, бірте-бірте фантастикалық шындық деңгейіндегі компьютерлік ойынға дейін ауысады. Ерекше әрекеттердің бірі - ойын. Ойынның оқу-тәрбие үрдісінің бірқатар ерекшеліктері бар екені белгілі. Бұл мектептің оқушылардың білім-білік дағдыларын дамытуға бағытталғаны дәлел. Ойын да оқушыларды ынталандыруға бағытталған. Оның бірқатар бірегей ерекшеліктері бар: балалар мен жасөспірімдерге арналған қарапайымдылық пен ептілік, демократиялық табиғат («ойын бәрін алады»), танылған шындықтың ең алуан түрлі аспектілерін модельдеуге мүмкіндік беретін ойын құралдарының икемділігі және ең бастысы, тартымдылық, балаларға арналған ойын. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?», баланың өмірінде ойынның алатын орны ерекше[4].

Ойын барысында баланың өмір салты, айналадағы дүниені тану, еңбекке деген көзқарасы, психологиялық ерекшеліктері қалыптасады. Орыс ғалымы, дәрігер, педагог К.А.Покровский: «Ойын – баланың күнделікті жұмысы, оның болашақ өмірінің бастауы. Ойын барысында баланың болашақта өмір сүру қабілеті байқалады. Олар ойынды еркін ойнайды. Издену, тапқырлық (сезім, қабылдау, ойлау, зейін, ерік) бар. Ойынның балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі маңызы педагогикалық жүйеде бұрын да, қазір де қарастырылды. Барлық жетекші педагогтар ойынды шын мәнінде қажетті және маңызды әрекет ретінде түсінеді. «Ойын» түсінігін түсіндіру адамның мінез-құлқын өзін-өзі

басқаруымен анықталатын әлеуметтік тәжірибені қалыптастыру шарттарынанегізделген қызмет түрі болып табылады. Шетелде, тіпті біздің отандық педагогикада ойын тарихында балаларды тәрбиелеуде келесі бағыттар бойынша қолданылады:

1. Баланы жан-жақты үндестікте үйлесімді дамыту;

2. Оқыту мақсаты (дидактика) – бұл бірінші бағыттағы алғашқылардың бірі еңбек процесінде адамның көптеген техникалық ерекшеліктері дамып, өмір сүру барысында олар әртүрлі жолмен өтеді. Мысалы, үлкендер өз жұмысында ерекше, ал мектеп оқушылары сыныпта ерекше. Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білім мен сауатты ұйымдастыруды қажет етеді. Ал мына тәрбиелі бала қайда барады? Бала оны ойын арқылы меңгереді, ал ересектер үйретуі керек. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы элементтері және т.б. мүмкіндіктері көп. Ойын – балалардың негізгі әрекетінің бірі. Ойын арқылы бала өмір туралы көп мәлімет алады, өзіндік психологиялық ерекшеліктері қалыптасады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Баланың зейінін қажет ететін әдейі ұйымдастырылған ойындар оның ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады. Жетекшіпсихологтардың айтуынша, бала жұмыста ойнап өседі. Ойын – адам өміріндегі алғашқы қадам. Қазақ халқының ұлы ақыны А.Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?», бала өмірінде ойынның алатын орны ерекше сияқты [5]. Ойын барысында баланың өмірі, айналадағы дүниені тану, еңбекке деген көзқарасы, психологиялық ерекшеліктері қалыптасады. Ойын барысындабалалар ізденуге, тапқырлыққа, әртүрлі психологиялық ұғымдармен эмоциялар әрекетіне араласады.

Әдебиеттер:

1. <https://artpsy.kz/bastauysh-synyp-o-ushylaryny-ojlaw>
2. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. - Алматы: Білім, 2012. - 192 б
3. Абуова М.М.Бастауыш сынып оқушыларының оқу – танымдық әрекетін қалыптастыруда дидактикалық ойындардың мәні.- Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ
4. Молдашева Р.Н. Оқу үрдісінде оқушының оқу-танымдық қабілетін қалыптастыруда білім сапасын арттырудың жолдары. // Тайманов оқулары–2010. - Орал, 2010. - 70-71 б. - Библиогр.: б.71.
5. https://kitaphana.kz/refkaz/236-pedagogika/2914-akil-oi-tarbiesi.html?_ysclid=1da04j5cwu_627821875

Бондаренко Ж.Б., Голева О.И.

КГУ «Общеобразовательная школа №23» г. Караганда

КЛИПОВОЕ МЫШЛЕНИЕ И ПРОФИЛАКТИКА ЕГО РАЗВИТИЯ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация. В статье рассмотрен феномен «клипового мышления» в контексте процесса обучения. Выявлены предпосылки и условия, способствующие возникновению подобного явления. Также рассмотрены как негативные, так и позитивные особенности феномена. Определена необходимость корректировки и существующих инструментов обучения, а также необходимость формирования новых методик для более эффективного усвоения учебного материала обучающимися.

Ключевые слова: клиповое мышление, мышление, эффективность обучения, достоинства и недостатки, младший школьник.

Родители и педагоги давно наблюдают, что школьникам всё хуже удаётся сосредоточиться, они с трудом воспринимают длинные тексты, у них не получается углубиться в суть прочитанного, коэффициент усвоения знаний очень низкий. Мало кому под силу прочитать «Войну и мир» даже по главам. В силу этого они не умеют конспектировать, писать рефераты. Не задумываются, что при решении задачи не может получиться 2,5 человека, что из 8 км невозможно выехать 3 часа, а плот не может плыть по течению со скоростью 7 км/с. Они не обращают внимание на совершенно нелогичные опечатки в учебнике.

В чем же корень данных проблем? Специалисты объясняют это тем, что у современного школьника сформировано клиповое мышление.

- Понятие клипового мышления. Что это за мышление и почему оно создает столько проблем учителям, родителям и самим школьникам?